

Xiaomi Mi Robot Vacuum-Mop Essential робот-шаңсорғышы



Мазмұны

Құрылғының қолданылу мақсаты	3
Сақтық шаралары	3
Құрылғының сұлбасы	5
Керек-жарақ	7
«Mi Home» қолданбасына қосылу	8
Wi-Fi қосылысын бастапқы күйге келтіру	8
Зауыттық баптауларды қалпына келтіру	8
Құрылғыны пайдалану	9
Тазалау режимдері	12
Күтім жасау және техникалық қызмет көрсету	13
Ықтимал ақаулар және оларды жою тәсілдері	17
Техникалық сипаттамалар	18
Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	19
Кепілдік міндеттемелері	20
Қосымша ақпарат	21

Құрметті сатып алушы!

«Xiaomi» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сай әзірленген әрі шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды сізге зор қуанышпен ұсынамыз. Пайдалану алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз, онда сіздің қауіпсіздігіңізге қатысы бар маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсынымдар қамтылған. Осы Нұсқаулықты сақтап қойып, бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының қолданылу мақсаты

Бұл құрылғы түрлі беттерден (кафель, паркет едені, кілемдер және т.б.) шаң мен кірді тазалауға арналған.


Сақтық шаралары

- Құрылғы 8 жасқа дейінгі балалардың және іс-қимылы, сезу немесе ойлау қабілеті шектеулі жандардың қолдануына арналмаған, олардың қауіпсіздіктері үшін жауапты басқа адамдар бақылау жасап тұрған кезде ғана оларға құрылғыны қолдануға рұқсат.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Робот-шаңсорғышты тазалау және техникалық қызмет көрсету бойынша кез келген әрекеттерді орындамас бұрын, шаңсорғыштың және зарядтауға арналған док-станцияның өшкенін және қуат көзінен ажыратылып тұрғанын тексеріп алыңыз.
- Осы робот-шаңсорғыш тек үй жағдайында еден тазалауға арналған. Оны далада, оның ішінде ашық балконда немесе еден емес беттерде (мысалы, диван үстінде), сондай-ақ коммерциялық немесе өнеркәсіптік үй-жайларда пайдаланбаңыз.
- Робот-шаңсорғышты жерден биік және қоршаулармен қорғалмаған беттерде, мысалы, үй-жайлардың үстіңгі қабаттарында, ашық балкондарда немесе жиһаздың үстіңгі жақтарында пайдаланбаңыз.
- Қоршаған орта температурасы 40 °C-ден жоғары немесе 0 °C-ден төмен болғанда, сондай-ақ еден бетіне қандай да бір сұйықтық немесе жабысқақ зат төгілген жағдайда, робот-шаңсорғышты пайдаланбаңыз.

- Құрылғыны пайдалану алдында бөлмені дайындап алыңыз және негізгі блокқа үнемі тұрақты жасау туралы нұсқаулықтар беріңіз.
- Бұл құрылғыға орнатылған аккумуляторларды тек кәсіпқой мамандар ауыстыруы керек.
- Робот-шаңсорғышты пайдаланар алдында еден бетінен қандай да бір кәбілдерді алып тастаңыз, өйткені тазалау кезінде олар оралып қалуы мүмкін.
- Еден бетінен сынатын және бөтен заттарды жинап тастаңыз, мысалы вазалар немесе пластик пакеттері, өйткені робот-шаңсорғыш олармен қақтығысқанда зақымдануы мүмкін.
- Қозғалып тұрған немесе тоқтап тұрған робот-шаңсорғыштың үстіне балаларды, жануарларды отырғызбаңыз және қандай да бір заттарды қоймаңыз.
- Қара түсті кілемдерді тазалау үшін робот-шаңсорғышты пайдаланбаңыз, өйткені бұл ретте тиісті тазарту сапасына кепілдік берілмейді.
- Бөтен аккумуляторды, қуат көзі адаптерін немесе зарядтауға арналған док-станцияларды пайдаланбаңыз.
- Робот-шаңсорғыштың бөлшектерін дымқыл шүберекпен немесе сұйықтықтармен тазаламаңыз.
- Аккумуляторды немесе зарядтауға арналған док-станцияны өз бетіңізбен бөлшектемеңіз, жөндемеңіз және түрлендірмеңіз.
- Зарядтауға арналған док-станцияны жылу көзінің (мысалы) қасына қоймаңыз.
- Ескі аккумуляторларды тиісті жолмен кәдеге жаратыңыз. Робот-шаңсорғышты кәдеге жаратпас бұрын оны желіден ажыратып, аккумуляторын шығарып алыңыз. Аккумулятордың экологиялық тұрғыдан қауіпсіз кәдеге жаратылуын қамтамасыз етіңіз.
- Тасымалдамас бұрын робот-шаңсорғыштың өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз және мүмкіндігінше түпнұсқа қорапта сақтаңыз.
- Егер робот-шаңсорғыш ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, оны толығымен зарядтап, өшіріңіз де құрғақ салқын жерде сақтаңыз. Аккумулятор зақымданып қалмауы үшін робот-шаңсорғышты айына кемінде бір рет зарядтап тұрыңыз.
- Зарядтауға арналған док-станцияны тікелей күн сәулелері түсетін жерге қоймаңыз.
- Зарядтауға арналған док-станцияның айналасында бос кеңістік болуы тиіс (жанынан кемінде 0,5 м және алдынан кем дегенде 1,5 м).
- Робот-шаңсорғыш зарядталып тұрғанда немесе пайдаланылмаған кезде сорғыш ұстағышын шығарып алыңыз.
- Суға арналған бөлігі бар шаң жинайтын контейнерді үнемі тазартып тұрыңыз. Бұл робот-шаңсорғыштың тиімді өнімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.
- Робот-шаңсорғыш аккумулятордың док-станцияда заряд алу уақытында автоматты түрде қосылады.
- Робот-шаңсорғышты зарядтауға арналған док-станцияда болғанда өшіру мүмкін емес.

Құрылғының сұлбасы

Үстінен қарағанда



«Қайтару» түймесі

Робот-шаңсорғышты зарядтауға арналған док-станцияға қайтару үшін басыңыз. Уақытша тоқтату үшін тағы бір рет басыңыз. Баптауларды бастапқы зауыттық күйге келтіру үшін 5 секунд басыңыз тұрыңыз, дауыстық хабарламадан кейін тағы 5 секунд басып тұрыңыз.

Қуат көзі түймесі

Робот-шаңсорғышты қосу немесе өшіру үшін 3 секунд басып тұрыңыз (құрылғы зарядталып тұрған кезде емес).

Тазалауды бастау немесе тоқтата тұру үшін басыңыз



Бұл түймелерді Wi-Fi желісін бастапқы күйге келтіру үшін 3 секунд бірге басып тұрыңыз.

Күй индикаторы


Қызғылт-сары түс (жыпылықтап тұр): қате/зарядтауға арналған док-станцияға қайтару.
Қызғылт-сары түс (баяу жыпылықтап тұр): зарядталып жатыр (аккумулятор зарядының деңгейі төмен).

Ақ түс (баяу жыпылықтап тұр): зарядталып жатыр (аккумулятор зарядының деңгейі 20 %-дан артық).


Ақ түс (жыпылықтап тұр): зарядтауға арналған док-станцияға қайтару/уақытша тоқтатылған.

Ақ түс: тазалау/аккумулятор толығымен зарядталды.


Жанынан қарағанда




Астынан қарағанда



Зарядтауға арналған док-станция




Керек-жарақ



Зарядтауға арналған док-станция




Қуат көзі адаптері



Сорғыштың ұстағышы



Сорғыш



Тазалауға арналған щетка

«Mi Home» қолданбасына қосылу



Өнім «Mi Home» қолданбасымен жұмыс істейді. Осы қолданбада өз құрылғыңызды басқарыңыз және басқа да үй құрылғыларымен өзара әрекет етіңіз.



Қолданбаны жүктеп алу және оны орнату үшін QR-кодты сканерлеңіз. Егер қолданба орнатылып қойса, қосылысты баптау бетіне бағытталасыз. Немесе қолданбаны жүктеп алу және оны орнату үшін App Store-да «Mi Home» деп жазып іздеңіз.

Mi Home қолданбасын ашып, оң жақтағы жоғарғы бұрышта «+» белгісін басыңыз және құрылғыны қосу нұсқаулығын орындаңыз.

Wi-Fi қосылысын бастапқы күйге келтіру

Жаңа маршрутизаторға қосылу немесе Wi-Fi құпиясөзін ауыстыру кезінде робот-шаңсорғыштың Wi-Fi қосылысын бастапқы күйге келтіру қажет. Бұл үшін оны қосып, содан кейін «Wi-Fi қосылысын бастапқы күйге келтіру және желіні баптау режиміне өту» дауыстық хабарламасы естілгенше, «+» және «🏠» «🔌» түймелерін бірге 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Wi-Fi қосылысы бастапқы күйге келтірілгеннен кейін жаңа құрылғыны қосу үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз. Ескертпе. Жиілігі 2,4 ГГц болатын Wi-Fi желісі ғана қолданылады.


Зауыттық баптауларды қалпына келтіру

«🏠» түймесін 5 секунд басып тұрыңыз. Дауыстық хабарлама естілген соң «🏠» түймесін тағы 5 секунд бойы басып тұрыңыз. Бастапқы күйге келтірудің басталғаны және аяқталғаны туралы дауысты сөзкөмектер хабарлайды. Зауыттық баптаулар қалпына келтірілген кезде пайдаланушының барлық дерегі жойылады.


Құрылғыны пайдалану

Алғаш рет пайдалану алдында


Робот-шаңсорғыштың екі жағындағы қорғайтын көпіршік жолақтарын, сондай-ақ қақтығысу датчигінен қорғаныш үлдірді алып тастаңыз.




1. Зарядтауға арналған док-станцияның астыңғы қақпағын ашыңыз. Қуат сымын жалғап, артық сымды док-станцияның астыңғы бөлігіндегі шарғының сыртына айналдыра ораңыз, содан кейін инфрақызыл датчиктен қорғайтын үлдірді алып тастаңыз.




2. Зарядтауға арналған док-станцияны қабырғаның қасына тегіс жерге орналастырыңыз.




3. Содан кейін құрылғыны қосу үшін «**⏻**» түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Индикатор жанғанда, робот-шаңсорғышты зарядтауға арналған док-станцияға орналастырыңыз.



4. Робот-шаңсорғышты қосыңыз. Құрылғы жұмыс істеуге дайын.




2. Сорғыштың ұстағышын көрсетілген бағытқа сай салып, робот-шаңсорғыштың астыңғы бөлігіне орнатыңыз.




Ылғалдап тазалау режимі

1. Қақпақты ашып, резервуарға су толтырыңыз, содан кейін қақпақты жабыңыз. Суға арналған бөлігі бар шаң жинайтын контейнерді робот-шаңсорғыштың ішіне орнатыңыз.





3. Робот-шаңсорғышты қосыңыз. Құрылғы жұмыс істеуге дайын.



Ескертпе: егер сорғыштың ұстағышы орнатылмаса, құрылғы тек құрғақтай тазалау режимінде жұмыс істейді.


Қосу және өшіру

- Робот-шаңсорғышты қосу үшін «» түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Индикатор ақ түспен жанады және робот-шаңсорғыш күту режимінде тұрғаны туралы дауыстық хабарлама естіледі.
- Робот-шаңсорғышты өшіру үшін, ол тоқтап тұрғанда «» түймесін басып тұрыңыз. Робот-шаңсорғыштың өшірілетіні туралы дауыстық хабарлама естіледі.

Тазалауды бастау/тоқтата тұру

- Тазалауды бастау/тоқтата тұру үшін «» түймесін басыңыз.

Док-станциямен түйістіруді іске қосу/тоқтата тұру

- **Автоматты режим**
Тазалап болған соң робот-шаңсорғыш зарядтауға арналған док-станцияға автоматты түрде оралады.
- **Қолмен орындалатын режим**
Робот-шаңсорғышты зарядтауға арналған док-станцияға қолмен жіберу үшін «» түймесін басыңыз.

Ескертпе. Егер робот-шаңсорғыш қатенің салдарынан зарядтауға арналған док-станцияға қайтып орала алмаса, оның айналасындағы барлық ықтимал кедергілерді алып тастаңыз, содан кейін робот-шаңсорғышты зарядтауға арналған док-станцияға қолмен апарып қойыңыз.

Тазалау режимдері

- **Стандартты режим**

Робот-шаңсорғыш S-тәрізді траекториямен қозғалады және барлық аумақты тазалап болмайынша «Mi Home» қолданбасында шынайы уақыттың картасын жасайды.

Ескертпе. Робот-шаңсорғыш жұмыс істеп тұрған кезде оның орнын ауыстырмаңыз, өйткені осының салдарынан ол өзінің орналасқан жерін жоғалтып алып, қоршаған ортаны қайта баптайды, ал бұл тазалау тиімділігін төмендетеді.

- **Қабырғалар бойын және жиһаз шеттерін тазалау**

Қабырғалар бойын және жиһаз шеттерін тазалау режимін қолданбадан қосыңыз. Робот-шаңсорғыш қабырғалар бойын және жиһаз шеттерін 30 минут бойы тазалайды, содан кейін зарядтауға арналған док-станцияға оралады.

- **Нүктелі тазалау**

Бұл режим қолданбадан карта бетінде робот-шаңсорғыш тазалауы тиіс белгілі бір аумақты көрсетуге мүмкіндік береді. Нүктелі тазалау режимі іске қосылғаннан кейін робот-шаңсорғыш автоматты түрде сол жерге барып, $1 \times 1 \text{ м}^2$ алаңын тазалайды.

- **Жоспарлы тазалау**

Қолданбадан кесте бойынша тазалауды баптауға болады. Робот-шаңсорғыш тазалауды белгіленген уақытта автоматты түрде бастайды және аяқтағаннан кейін зарядтауға арналған док-станцияға оралады.

- **Сору қуатын реттеу**

Қолданбада төрт сору режимі қолжетімді: дыбыссыз, стандартты, бірқалыпты және турборежим. Әдепкі мәні бойынша стандартты режим қойылған.

- **Судың берілуін реттеу**

Қолданбаның көмегімен робот-шаңсорғыш ылғалдап тазалау кезінде пайдаланатын су көлемін реттеуге болады. Суды берудің үш режимі қолжетімді: төмен (1), орташа (2) және жоғары (3). Әдепкі мәні бойынша орташа режим (2) орнатылған.


Күтім жасау және техникалық қызмет көрсету

Бөлшектерді тазартуға және ауыстыруға қатысты ұсынылатын кесте		
Бөлшек	Тазарту жиілігі	Ұсынылатын ауыстыру циклі
Суға арналған бөлігі бар шаң жинайтын контейнер	Әр пайдаланып болғаннан кейін	Тозған немесе зақымданған жағдайда ауыстыру.
Сүзгі	Апта сайын	6 сайын (немесе әр 150 жұмыс сағатынан соң).
Щетка	Апта сайын	6–12 сайын (немесе әр 300 жұмыс сағатынан соң).
Қапталдағы щетка	Апта сайын	3–6 ай сайын (немесе әр 150 жұмыс сағатынан соң).
Тазалауға арналған щетка	Әр пайдаланып болғаннан кейін	Тозған немесе зақымданған жағдайда ауыстыру.
Щетканың қақпағы	Ай сайын	Егер щетканың қақпағында силикон жолағы айтарлықтай тозып қалса, оны ауыстырыңыз.
Құлау датчигі	Ай сайын	Ауыстыру қажет емес.
Зарядтау контактілері	Ай сайын	Ауыстыру қажет емес.
Бұрылатын дөңгелек	Ай сайын	Тозған немесе зақымданған жағдайда ауыстыру.
Ылғалдап тазалауға арналған қондырма блогы	Әр пайдаланып болғаннан кейін	Тозған немесе зақымданған жағдайда ауыстыру.
Сорғыш	Әр пайдаланып болғаннан кейін	3-6 ай сайын (немесе айтарлықтай тозған кезде).


Ескертпе. Робот-шаңсорғышты тазарту немесе оған техникалық қызмет көрсету алдында, оны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз. Бөлшектердің іс жүзіндегі ауыстырылу циклі пайдалану жағдайына қарай өзгеріп тұруы мүмкін.

Суға арналған бөлігі бар шаң жинайтын контейнерді тазарту


1. Робот-шаңсорғыштың қақпағын ашыңыз, содан кейін суретте көрсетілгендей суға арналған бөлігі бар шаң жинайтын контейнердің екі жағындағы қысқыштарды қысып басыңыз. Суға арналған бөлігі бар шаң жинайтын контейнерді робот-шаңсорғыштан абайлап шығарып алыңыз.




2. Сүзу жүйесін суырып алыңыз, содан кейін сүзгілерді шығарып, оларды тазалаңыз.



3. Шаң жинайтын контейнерді босатыңыз. Оны тазартуға арналған щетка көмегімен тазалап жіберіңіз, содан кейін сүзгіні дәлдеп, орнына салыңыз.




4. Суға арналған бөлігі бар шаң жинайтын контейнерді орнына толығымен бекітіп қойыңыз да робот-шаңсорғыштың қақпағын жабыңыз.



Щетканы тазалау

1. Робот-шаңсорғышты аударып, щетканың қақпағын алу үшін қысқыштарды қысып басыңыз.
2. Щетканы және оның мойынтіректерін шешіп алыңыз.
3. Щетканы салыңыз, қақпақты орнына бұраңыз да қысқыштар бекітілмейінше, оны басыңыз.


Ескертпе. Ең жақсы тазалау нәтижелеріне қол жеткізу үшін щетканы 6–12 ай сайын ауыстырып тұру қажет.



Құлау датчиктерін тазалау

1. Робот-шаңсорғышты аударып, щетканың қақпағын алу үшін қысқыштарды қысып басыңыз.
2. Щетканы және оның мойынтіректерін шешіп алыңыз.
3. Щетканы салыңыз, қақпақты орнына бұраңыз да қысқыштар бекітілмейінше, оны басыңыз.



Ескертпе. Ең жақсы тазалау нәтижелеріне қол жеткізу үшін щетканы 6–12 ай сайын ауыстырып тұру қажет.



Қапталдағы щетканы тазарту


1. Қапталдағы щетканы ұстап тұратын бұрандаларды бұрауышпен шешіңіз.
2. Қапталдағы щетканы тазартыңыз да, оны орнына орнатыңыз.

Ескертпе. Ең жақсы тазалау нәтижелеріне қол жеткізу үшін қапталдағы щетканы 3–6 ай сайын ауыстырып тұру қажет.




Ылғалдап тазалауға арналған сорғышты тазарту

1. Сорғыш ұстағышының қапталдағы қысқыштарын қысып тартып шешіп алыңыз.



2. Сорғышты ұстағышындағы жабысқақтан ажыратыңыз да ойықтан шығарып алыңыз. Сорғышты сумен шайып жіберіңіз, оны әдбен кептіріп, қайта орнына салыңыз.



Ескертпе. Сорғышты 3-6 ай сайын немесе айтарлықтай тозған кезде ауыстырып отыру керек.

Ықтимал ақаулар және оларды жою тәсілдері

Проблема (қате коды)	Шешімі
Сол жақ дөңгелек қатесі (01)	Бұл дөңгелекке тым көп жүктеме түсіп тұр немесе ол бұрыла алмай тұр. Сол жақ дөңгелекті тексеріңіз. Ол сыналанып қалуы мүмкін.
Оң жақ дөңгелек қатесі (02)	
Құлау датчигінің қатесі (03)	Құлау датчигі дұрыс жұмыс істемей тұр. Ол ластанып қалуы немесе бітеліп қалуы мүмкін.
Аккумулятор зарядының деңгейі төмен (04)	Робот-шаңсорғыш аккумулятор зарядының деңгейі төмен болғанда жұмыс істейді. Робот-шаңсорғышты зарядтауға арналған док-станцияға орналастырыңыз.
Бампер қатесі (05)	Бампер дұрыс жұмыс істемей тұр. Ол сыналанып қалуы мүмкін.
Щетка қатесі (06)	Бұл щеткаға тым көп жүктеме түсіп тұр немесе ол бұрыла алмай тұр. Щетканы тексеріңіз. Ол сыналанып қалуы мүмкін.
Қапталдағы щетка қатесі (07)	
Желдеткіш қатесі (08)	Желдеткіш айналмай тұр немесе тым көп энергия жұмсауда. Робот-шаңсорғышты қайта іске қосыңыз. Егер проблема шешілмесе, маманға хабарласыңыз.
Контейнер қатесі (09)	Суға арналған бөлігі бар шаң жинайтын контейнер табылмады. Оның дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
Зарядтау қатесі (10)	Робот-шаңсорғыштың зарядтауға арналған док-станцияға дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
Жеткіліксіз су көлемі (11)	Бөлікте су мөлшері жеткіліксіз. Суға арналған бөлікке су толтырыңыз.
Құрылғы еден бетіне тимей тұр (12)	Робот-шаңсорғышты тегіс жерге қойып, қайта қосып көріңіз.

Техникалық сипаттамалар

Робот-шаңсорғыш

- Атауы: Мі ылғалдап тазалау функциясы бар робот-шаңсорғышы (базалық жинақтама).
 - Үлгісі: MJSTG1.
 - Сымсыз қосылу: Wi-Fi IEEE 802.11 b/g/n 2,4 ГГц.
 - Жиіліктердің жұмыс диапазоны: 2412-2472 МГц.
 - Ең жоғары шығыс қуаты: < 100 мВт.
 - Кернеу: 14,4 В.
 - Аккумулятордан жұмыс істеу уақыты: шамамен 90 мин (стандартты режимде).
 - Номиналды қуат: 25 Вт.
 - Аккумулятор сыйымдылығы: 2500 мА·сағ.
 - Зарядтау уақыты: 4-5 сағат.
 - Кіріс кернеуі: 20 В.
 - Кіріс тогы: 1,2 А.
- Қызмет ету мерзімі: 1000 сағат үзіліссіз жұмыс.

Қуат көзі адаптері

- Қуат көзі параметрлері (кіріс ұясы): 100–240 В, 50/60 Гц.
 - Кернеу (шығыс ұясы): 20 В.
 - Ток күші (шығыс ұясы): 1,2 А.
 - Қуаты (шығыс ұясы): 24 Вт.
 - Белсенді күйдегі орташа ПӘК: 86,2 %.
 - Төмен жүктеме кезіндегі ПӘК (10 %): 80,1 %.
- Жүктемесіз тұтынатын қуат: 0,1 Вт.

Зарядтауға арналған док-станция

- Номиналды шығыс кернеуі: 20 В.
- Номиналды шығыс ток күші: 1,2 А.

Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнату немесе тұрақты түрде бекіту амалын қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С мен 40 °С аралығындағы ауа температурасында және салыстырмалы ауа ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жағдайда қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануға себеп болатын агрессивті қоспалар (қышқыл, сілті булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы ұқыпты қолдануды, шаң, кір, соққылар, ылғал, от және тағы басқаның әсерінен қорғауды талап етеді.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оны күнделікті тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес ары қарай қайта өңделуі және кәдеге жаратылуы үшін, электр әрі электрондық құрал-жабдықты қабылдайтын тиісті орындарға кәдеге жаратуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарата отырып, табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және дұрыс қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келуі ықтимал зиянның алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орны туралы толық ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты тиеп әкететін кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақауын анықтаған жағдайда, авторизацияланған сервис орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.



Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бүкіл кепілдік берілген мерзім ішінде құрылғының үзіліссіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинақтамасында ақаулардың жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік бойынша қызмет көрсетуге, бұйым пайдаланушының нұсқаулығына сай пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімінің ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жатады. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру өкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Сильвер Стар Интэллджэнт Тэкнолоджи Ко., Лтд.
А1 ғим., Сильвер Стар Хай-Тэк өнеркәсіптік парк, Гуаньгуан тас жолы, Гуаньлань көш., Лунхуа ауданы,
Шэньчжэнь қ., Гуандун провинциясы, Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа,
ғимарат 12, Қазақстан.

Өндірушінің өкілетті тұлғасы: «Рустон» ЖШҚ,

РЕСЕЙ, 143441, МЭСКЕУ ОБЛЫСЫ, КРАСНОГОРСКИЙ АУДАНЫ, ПУТИЛКОВО ПОШТА БӨЛІМШЕСІ, 69 КМ МКАД
КӨШЕСІ, 17-ФИМАРАТ.

Тауар Кеден одағының КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі»
техникалық регламенттеріне сәйкес келетіні міндетті түрде расталды.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника
бұйымдарындағы қауіпті заттардың қолданысын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына
сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жинақтамасы алдын ала хабарламастан өзгертілуі мүмкін.

СБ: MI.

Шығарылған күні қаптамада көрсетілген.

V.2 

